



# “БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№21 3 ауысым 15 наурыз 2023 жыл (ауысым сайын)

*Балалар мен жасөспірімдер журналы*

**Қазақстан халқының  
кіші Ассамблеясы  
«Бір халық, бір ел, бір тағдыр»**





*БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,  
«Балдәурен» РОСО филиал директоры.  
Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

## **Бір халық, бір ел, бір тағдыр**

*Қазақ осы - айтатұғын елге сыр,  
О, ағайын, халық емес ол кесір.  
Қазақ осы - аңғал - саңғал жабусыз,  
Қазақ осы - ағыл - тегіл, көл - көсір.  
Қазақ осы - дала дейтін, күн дейтін,  
Қазақ осы - өнер алды тіл дейтін.  
Қазақ осы - карасың ба, ақсың ба,  
Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін,*

*- деп Қадыр Мырзалиев ағамыз жырлағандай Қазақстан Республикасы көп ұлтты мемлекет. 230-дан астам ұлт өкілдері мекендейді. Бір тудың астына біріккен, еңсесі биік, керегесі кең, болашағынан зор үміт күтетін егемен елміз. «ЕЛ» сөзінде үлкен біріктіруші күш бар, өйткені, барлық уақыттарда да туған жер қазақстандықтар үшін ең жақын және өзіне тартушы ерекше бір күш есептес.*

*– Қазақстан – полиэтникалық мемлекет. Бұл тарихи қалыптасқан дүние. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің көпұлтты халқымыз бейбітшілік пен өзара түсіністікте өмір сүріп, мемлекетіміздің өркендеуіне белсенді атсалысып жатыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің барлық этностарын біріктіреді.*

*Тұңғыш президентіміздің сындарлы саясатымен құрылған халықтар достастығын нығайту, жастарға үгіт-насихат жүргізу мақсатында «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығында Қазақстан халқының кіші Ассамблеясы «Бір халық, бір ел, бір тағдыр» атты 3-ауысымда өз бастауын алып отыр. Ауысымға қатысушылар еліміздің түрлі облысынан келген балғын балалар. 20 күнге арналған жұмыс кестесі дайындалып, әр күнге өзінің ерекшелігімен көрінетін түрлі іс-шаралармен көңілді кеіштер, танымдық ойындар, түрлі қызығушылық үйірмелері ұйымдастырылуда. Балаларға ұлтына, еліне, жеріне, тіліне, Отанына деген махаббаттарын сіңдіріп, құрмет көрсетуді үйрету. «Балдәурен» өзіне келген әр баланың өмірінің бір бөлшегі іспеттес. Оның айғағы әр ауысым соңындағы балалардың арман аралымен қимастықпен қоштасқанда білесің. Балалардың бақыт ордасына айналған «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығының ғұмыры ұзақ, алар асуы әлі алда деген ойдамын.*

**АБДУАЛИ Ерсұлтан Қайратұлы**  
**«Балдәурен» РОО филиалының**  
**3-ауысым демалушысы 8-топ**  
**Алматы облысы, Талғар ауданы**



## **Балдәурен**

*Зор махаббат тілеймін мен саған,  
Қазір бәрі жалғыздықтан жаралған.  
Көңіл көктем достық суын іздеген,  
Ал адамдар шын достықты аңсаған.*

*Құрметті балдәурендік шын досым,  
Саған бақ тілеуден мен шаршамайм.  
Сенің іңкәр тілегіңе тамсанам,  
Сенсің досым, сенсің құрбым, барша адам.*

*Әуелде көрініп едің қор болардай,  
Ауаң сенің дем алуға болмайтындай,  
Тәубеме кеш келіпнің әттең-ай мен,  
Қалай ғана дәл осылай келген ойлар.*

*Әлемің бөлек Балдәурен, жанымды жайлы бөлеген.  
Ми сергіттім сенімен, рахмет саған, Балдәурен!  
Дос бердің жанымда мәңгі болатын,  
Құрбы бердің ойлап әркез тұратын.  
Көз аштым саған келіп басқаша,  
Жол көрсеттің тура жолдан тұратын,  
Мың алғыс саған Балдәурен!*

*20 күн дәл қазіргі 20 минутқа пара-пар,  
Қимастық сезімді жас жүректе қалдырар.  
Енді тұрсың күліп мені қалдырып,  
Тек жақсы естеліктермен жадымда.*

*Сөзімнің соңын қалай аяқтауды білмедім,  
Бірақ саған қарыз екем білгенім.  
Жаным енді саған байланған сағынышым,  
Қош бол менің ұмытылмас көктемім!*

## «Ақпыз, қарамыз, сарымыз...» танысу кеші



Танысу кеші – ауысымның ең алғашқы өткізілетін іс-шарасы. Кеш барысында оқушылар түрлі ойындар ойнап, өзінің сүйікті ұйымдастырушы-ұстазымен танысады. Орталықтың әнұраны мен заңдарын, ұрандары мен бақырмақтарын айтты. Ауысым барысында сол заңдарға бағынып, өздерінің демалыстарының қызықты өтулеріне жол ашты. Қызықты ойындар ойнау арқылы балалар бір-бірімен танысып та алады.



## «Шекарасыз достық» топ визиткасын қорғау кеші



Визитка – бұл оқушылардың топ болып алғаш ортаға шығып өнер көрсететі, топтың ынтымағы мен татулығын, ұйымшылдығын көрсететін негізгі іс-шара. Топ визитка қорғау кешінің ерекшелігі – бұл жарысқа барлық топ мүшелері бірдей қатысады. Кештің көңілді өтуіне аянбай ат салысып, қолдап отырады. Бірі-бірінен озып тұрған топтар арасынан 8-топ «Ең үздік топ» номинациясын, 4-топ «Ең ұйымшыл топ»

номинациясын жеңіп алды. Алғашқы жеңіс құтты болсын, алдағы топтық іс-шараларда жұлдыздарың жана берсін дегіміз келеді.



## **«Сәлем саған сүйікті, Балдәурендік мектебім!» мектеп презентациясы**

Ақпан айының 27-жұлдызы күні «Сәлем саған сүйікті, Балдәурендік мектебім!» атты мектеп презентациясы болып өтті. Оқушылар сыныптарға бөлініп, сынып жетекшілерімен, пән мұғалімдерімен танысты. Ауысым барысында көптеген зияткерлік-танымдық сайыстар ұйымдастырылуда. Оқушыларымыз сол сайыстарға белсене қатысып өз білімі мен біліктілігін жетілдіреді деген сеніміміз мол.



## 2023 жылдың 3 ауысымының ашылу салтанаты



Міне, нағыз «Балдәурендік» атанған күн. Бүгін орталыққа келіп, оң-солын енді ғана тани білген оқушыларымыздың қуанышқа толы сәті – 2022 жылдың Қазақстан халқының кіші Ассамблеясы «Бір халық, бір ел, бір тағдыр» атты 3-ауысымының ашылу салтанатында болып өтті. Жетісу облысынан келген 8-топ демалушысы Жігербекқызы Айдана 43%

дауыс жинап ауысым президенті атанды. Барша балдәурендіктерді нағыз балдәурендік атанғандарымен шын көңілден құттықтаймыз, ауысымға сәттілік тілейміз.



## «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші



Жаңа жастар жалында,  
Отты сәлем қабылда!

Бүгін орталығымыздың жүрегіне айналған «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші болып өтті. Жастар өздерінің бар өнерін ортаға салып, оқушыларға кереметтей кеш сыйлады. Кеш барысында нағыз топтың қандай болу

керектігін дәлелдеді. Бүлдіршіндеріміз өз ұйымдастырушы-ұстаздарын жаңа бір қырынан таныды. Ал сен, қай ұйымдастырушы-ұстаздың тобында өз демалысыңды өткіздің?





## **«Қазақстан – құшағы ыстық, құлашы кең, байтақ өлке» эссе байқауы**

Мектеп кешенінің ұйымдастырумен ауысым мақсатына сай "Қазақстан- құшағы ашық, құлашы кең байтақ өлке" атты тақырыпта оқушылар арасында эссе жазу байқауы өтті. Байқаудың мақсаты- қазақ тілінің маңызын саналы түрде сезіндіре отырып, құрметтеуге тәрбиелеу, отансүйгіштік пен еліміздің жетістігіне мақтаныш сезімдеріне тәрбиелеу, түрлі ұлттар арасындағы татулық пен берекенің артуына сеп болу.



## **«Халықтар достығы» пед вернисаж**

Халықтар арасындағы достықты нығайтып, балдардың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерін, оларды әсемдікке, әдемілікке, достық қарым-қатынас жасай білулеріне тәрбиелеу мақсатында педагогикалық вернисаж өткізілді.



## «Чемпион» СМ ойындары



Баскетбол, футбол, күрес, дойбы, шахмат, пионербол, көңілді спорт – бұл сөздерді естігенде жалпы спорт ойға келеді. Спорттық және ашық ойындар белсенді демалыстың жақсы құралы болып табылады. Орталыққа келген балалар үшін ұйымдастырылған спорт

ойындарының кезекті жарыстары болып өтті. Спорттық ойындарымыз екі күнге созылды. Оқушылар түрлі спорттық ойындар бойынша топтық, жекелей сынға түсті. Жеңімпаздарымыз анықталып, марапатталды. Спортпен күнделікті өмірде шұғылданатын, салауатты өмір салтын ұстанатын балаларымыз көп болсын.



## «Clap, clap, ча-ча-ча» музыкалық ойындар байқауы



Балдәурендегі соңғы күндеріміздің бірі. Өкінішке орай 20 күнге созылған демалысымызда аяқталып келеді. Әр күн өзінің белгіленге кесте бойынша іс-шара мен кештермен жалғасын табуда. Сол көңілді кештеріміздің тағы да бірі музыкалық ойындар байқауы. Кештің өзінің аты айтып тұрғандай ерекше музыкалар

қойылып, сол әнге көңілді би билеу әр топтың тапсырмасы. Топтар өздерінің ұйымшылдығын, өнерін ортаға салды. Өз тобының ұйымдастырушы-ұстазымен бірге би билеп, ән айтты. Кеш барысында қонақтарымыз бен көрермен балалардың жүзінде күлкі мен шаттық болды.

Сахнада көңілді іс-қимыл жасап жатқан топтарға қарап өзіңнің солармен қалай бірлесе билеп кеткеніңді де байқамай қаласың. Әр топ өзінің ерекшелігімен көзге түсті. Барлық балар бар күш-жігерін салып билеп, ән айтып кешімізді көңілді етті. Әділ-қазы алқалары да бізге қосылып билеп отырды. Біздің топ «Көңілді топ» номинациясын алды. Жастар педагогикалық тобы да өз өнерін көрсетті. Өз тобымызға жанкүйер болып қолдау көрсетеміз деп дауысымыз шықпай қалды. Осылайша энергияға толы бір күн де өтті. Көңіл-күй сыйлаған барша топқа алғысымыз шексіз.



## «Сен білесің бе?» сайысы



## «Өнегелі оқушы» танымдық сайысы



Орталықтың дәстүрге айналған негізгі ісшарасының бірі «Өнегелі оқушы» танымдық сайысы. Оқушыларымыздың замандар бойы қалыптасқан тіршілік қағидасынан қол үзіп қалмауын, тарих қойнауында жатқан мағлұматтарды зерделеу, оны болашақ игілігіне жаратып, жөргегінен ұлттық мәйекпен жарытып, ұлттың өзіндік мінез, өзіндік сана, өзіндік даналық қалыбын қалыптастыратын салт -

дәстүрге ден қоюға бағытталған ойын түрі. Сайысқа қатысушылар саны 10 оқушы. Жалпы сайыс 5 бөлімнен тұрады.

Бес бөлім бойынша балалар өздерінің шын жүйрік, білімді, озат оқушылар екендіктерін көрсете білді. Десекте сайыстың аты – сайыс.



## «Happy moments!» Туған күн иелеріне арналған кеш



Туған күн – тек жылына бір келетін ерекше мереке. Кезкелген жастағы адам бұл күнді асыға күтеді. Керемет құттықтаулар мен сыйлықтардың барлығына ие болады. 3-ауысым барысында балдәурендіктермен бірге өз туған күнін атап өткен туған күн иелерін шын жүректен құттықтаймыз, көптеген ізгі тілектер мен жақсылықтар тілейміз.



## «Қыздар, қыздар, сұлу қыздар!» мерекелік концерт



Мен қазақ қыздарына қайран қалам,  
Жанары, жаны жаздай жайраңдаған.  
«Қыз өссе, елдің көркі» деген сөзді,  
Қапысыз қалай айтқан қайран  
бабам?!

Бүгін орталығымызда «Көктем аруы» байқауы болып өтті. Көктем мерекесіне орай өткізілген сайыста қыздарды әдептілікке, әсемділікке, инабаттылыққа, сыпайылыққа, ата-баба дәстүрін біліп, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білуге тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды. Сайысымызға әр топтан бір-бір ару қызымыздан қатысты. Қыздар өздерінің бар өнерін ортаға салды. Сайыс қорытындысы бойынша 6-топ аруы Джанакова Ажар «Көктем аруы» байқауының жеңімпазы атанды.





## «Step by step» зияткерлік сайыс



Оқушылардың ынтасын, ақыл-ойын кеңейтіп, шапшаңдыққа, ептілікке бағыттайтын түрлі зияткерлік сайыстар ауысым сайын ұйымдастырылады. Бала түрлі сайыстарға қатысып өзінің білім деңгейін сынайды. Сол сайысымыздың бірі - “step by step”. Сайысқа қатысушы оқушыларымыз өздерінің жүйрік, алғыр екендіктерін көрсете алды.



## **«Бір ел – біртұтас Қазақстан!» этномәдени бірлестік өкілдерімен кездесу**

3 ауысым бағдарламасы барысында “Бір ел-біртұтас Қазақстан” атты этномәдени бірлестік өкілдерінен келген “Аналар кеңесі” мүшелерімен кездесу өткізілді.

Кездесудің мақсаты ауысым қатысушыларына Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлға екендерін ұғындыра отырып, сапалы білім алуға дұрыс көзқарас қалыптастыру. Қоғамның бір мүшесі ретінде адам өмірі мен жақсы тұрмыстық құндылықтарын ұғындырып, жауапкершілік сезімдерін ояту.

Кездесу барысында оқушылар белсенділік танытып ұлтаралық татулық - еліміздің ұлттық идеяның басты өзегі екеніне көз жеткізе білді.



## «Дарын style» зияткерлік сайысы



Бәйгеге түсіп жарыспай  
Жүйріктің бағы жанар ма?  
Білім мен өнер жарысып,  
Тәрбие, тәлім табар мән.  
Бұл бәйге ойдың бәйгесі  
Кім жүйрік ойға, сол алда.  
Оқушылардың ойлау  
қабілетін, ой-ұшқырлығын  
арттыра отырып,  
ұйымшылдыққа,  
жауапкершілікке, жинақы  
болуға, және білім алуға  
деген құштарлықтарын

ашып, өзгенің ойын тыңдап, сыйлау дағдыларын қалыптастыру үшін «Дарын style» зияткерлік сайысы таптырмас ойын түрі. Ойын тартысқа толы болды. Әр топ өзінің ұйымшылдығын, тапқырлығын көрсете білді.



## «Бір ел, бір тағдыр» ұлттар фестивалі



Орталықта өткен Қазақ Елінің бірлігі мен татулығын айқындайтын керемет көңілді, әрі қызықты іс-шара «Бір ел, бір тағдыр» ұлттар фестивалі. *Тілі бөлек болғанымен тілегі бір, Ұлы достық мәпелеген жүрегі гүл, Қазақстан бар ұлысқа шаңырақ боп, Шайқалмастан шаттығымыз тіреліп тұр, -* деп жырлағандай фестивалға қатысушы топтарға 8 түрлі ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын,

мәдениетін көрсету тапсырылған болатын. Әр топ өзіне берілген ұлттарды өте керемет дәрежеде алып шықты. Маған қатты ұнағаны тәжіктер мен франциялықтар. Әр ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, мәдениеті мен төл тарихын көріп сол елдерге бір сәтке саяхатқа шыққандай сезімде болдық. Ең ерекше болғаны б-топ яғни тәжік ұлт өкілдерінің әділ-қазы алқаларына сыйлаған ұлттық тағамдары ерекше болды. Жалпы фестивал барысында көптеген құнды ақпараттармен танысып, ой-өрісіміз кеңейді. Әр топ түрлі номинациялар бойынша мараптталды. Кеш өте керемет нәтижеде өтті. Орталықтағы әр күн өз ерекшелігімен есте қалады. Рахмет саған – «Балдәурен»!



## **2023 жылдың 3 ауысымының жабылу салтанаты**



Құрметті балдәурендіктер!!!  
Көзді ашып-жұмғанша 20 күнде өте шықты. Ерекше көңіл-күй, қызықты іс-шаралар, тартысқа толы сайыстар, бәрі-бәрі осы ауысым барысында орын алды. Ауысымның жабылу салтанаты өтіп, ең мықты, үздік, белсенді оқушыларымыз марапатталды. Сіздерге тек қана сәттілік тілейміз. Балдәуреннің төрінде сіздерді тағы да күтеміз.



## «Балдәуренге мың тағзым!» гала-концерт

Кездесу бар жерде, қоштасу тағы да бар. Міне, бүгін 20 күнге созылған 3-ауысым да өз мәресіне жетті. Гала-концерт – ауысымның ең соңғы іс-шарасы. Балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлау мақсатында ұйымдастырылады.

Ендеше соңғы қоштасу кешімізде бақыттың ордасы болған - Балдәуренге айтар алғысымыз шексіз! Қош бол, Балдәурен, қайта айналып келгенше!

Қоштасып кетеміз біз әр тарапқа,

Мүмкін бұл соңғы жүздесу болмақ па?

Алайда бұл күндерді біз ұмытпаймыз,

Өзінде өткен естеліктерді жүректе мәңгі құлыптаймыз.





Бас редактор: *Ерназарова Айну́р Шүкiрқыз*





baldauren

*Мекен-жайы:*

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,  
Нысанбек ауылы, Үшсала көшесі, 32 үй*

*Телефон: +7 (777) 357 07 37*

*E-mail & [baldauren\\_2@inbox.ru](mailto:baldauren_2@inbox.ru)*